

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № А-3 /169 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 сәуірде № 1-12-166 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 10 маусымдағы № 04-350 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімі аппаратының 10.06.2013 № 04-350 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Ә л ж а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген

күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі
«КЕЛІСІЛГЕН»

А.Қалжанов

« А қ м о л а о б л ы с ы
Ж а р қ а й ы ң а у д а н ы н ы ң
Қ о р ғ а н ы с і с т е р і ж ө н і н д е г і
б і р і к т і р і л г е н б ө л і м і »
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң

бастығы

Қ.Қ.Есімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК